



Су тасқыны - бұл қардың еруі, жауын-шашын, суды желмен айдаған және кептелу кезінде өзендердегі, көлдер мен теңіздердегі су деңгейінің көтерілуі нәтижесінде жерді айтарлықтай су басу. Өзендер арнасына суды желмен айдау арқылы болған су тасқыны ерекше түрге жатады. Су тасқыны көпірлер, жолдар, ғимараттар, құрылымдардың қирауына, елеулі материалдық шығынға, ал судың көп жиналуы (4 м³/с астам) және су үлкен биіктікке көтерілсе (2 м көп) адамдар мен жануарлардың опат болуына әкеліп соқтырады. Қираудың негізгі себептері ғимараттар мен құрылымдарға су массасының, жоғары жылдамдықта жүзіп жүрген мұздардың, өртүрлі сынықтар мен жүзіп жүрген заттардың,

СУ тасқыны

т.б гидравликалық соққысы болуы мүмкін. Су тасқыны кенеттен пайда болып және бірнеше сағаттан 2-3 аптаға дейін созылуы мүмкін.

Су басу аймағындағы әрекеттер:
- үйдегі газды, электр қуатын және суды өшіріңіз;
- жылыту пештерін сөндіріңіз;
- үйдің құнды заттарын ғимараттың жоғарғы қабаттарына немесе шатырларға өткізуге;
- үйдің бірінші қабаттарының терезелері мен есіктерін әйнектің сынуына және үйге құбылмалы қоқыстың енуіне жол бермеу үшін такталармен немесе фанерамен жабу;

- Үй жануарлары орналасқан сарайдағы есіктердегі ысырмаларды ашыңыз.

- Кенеттен су тасқыны болған кезде, өзіңізбен бірге жылы және жақсырақ су өткізбейтін киімді, көрпе, тамақ, т.с. алып, рельефтің бұрын-соңды су баспағаны белгілі биік жерлерге шығыңыз. Егер олар жоқ болса, сіз қайық пен басқа да мінсіз жүзу құралдарын жүзуге дайындалуыңыз керек.

С.ЖУМАДИЛОВ,
ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ
ОАПТБ Түлкібас ауданы ӨПТ
инженер-гидрологы.
Б.ОКСИКБАЕВ,
Түлкібас ауданы ТЖБ а.қ. майоры.

КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ ҚАНДАЙ АУРУ?

Конго-Қырым геморагиялық қызбасы (КҚГК) – бұл вирус қоздырғышынан туындайтын аса қауіпті жұқпалы ауру. Аурудың қауіптілігі сол – медициналық көмекке кеш жүгінген жағдайда өлімге әкеліп соғу ықтималдылығы жоғары.

Конго-Қырым геморагиялық қызбасы ауруын негізгі жұқтырушы және ауру қоздырғыштарын тасымалдаушы ол – кенелер. Ауру сәуір-қазан айлары аралығында жиі тіркеледі. Кенелер басым көпшілігінде далалық жерден ауылшаруашылық малдар арқылы үй ауласына кіреді. Кенелер үйге гүл шоғымен де, иттің жүніне ілесіп те келуі мүмкін. Олар адамның киімінің астарына байқатпай кіріп, денесіне қадалып алып сорғанда мүлде ауырмайды. Көп жағдайда адам кенені келесі күні немесе тіпті одан да кеш байқауы мүмкін.

Конго-Қырым геморагиялық қызбасы ауруының негізгі клиникалық белгілері: Аурудың алғашқы белгілері: науқастың дене қызуының кенеттен 38-

40С дейін көтерілуі, басының қатты ауыруы, көздің қызаруы және мойын, арқа, белдің ауыруымен, лоқсу немесе құсу, іш ауыруы немесе өтуімен басталады. Ауру одан әрі дамыған жағдайда бет, мойын және дененің жоғарғы бөлігінің қан кернеуімен, денеде бөртпелердің пайда болуы, мұрыннан, қызыл иектен, асқазаннан, жатырдан қан кету белгілері, ине енгізу орындарында қанталау (гематомалар) белгілерінің байқалуымен сипатталады. Науқас дер кезінде медициналық көмекке жүгінбеген жағдайда өлім жағдайына әкеліп соқтыруы әбден мүмкін.

Конго-Қырым геморагиялық қызбасы ауруының алдын-алу шаралары: Табиғи ошақтар аумағында орналасқан елді мекендердегі жануарларды, қора-жайлар мен үй жайларының аумағын кезеге қарсы өңдеу, залалсыздандыру қажет. Ауылшаруашылық малдарды бағып-күту және қыркым кезінде кенелердің шабуылынан және кене қанымен жанасуды болдырмау мақсатында тұрғындар жеке қорғаныс

үшін арнайы киім киюлері қажет (қалпақты комбинезон, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салу, жақсы қорғалған аяқ және бас киім, резенке қолғап). Табиғатқа демалысқа шыққанда кененің жабысқаны көрінетін ашық түсті жақсы қорғалған резенкелі манжетті жеңі ұзын көйлек кию. Денеге кененің жабысқаны тексеру үшін өзіңіз және өзіңізге байқалмайтын орындарды (мойын, бастың шаш бөлігі, дененің артқы жағы т.б.) қасыңыздағы адамдарға айтып, үстертіндегі мұқият қарап отыру қажет. Дененің ашық жерлеріне және киімге кенелердің шабуылынан қорғайтын, кенелерді үркітетін сақтану құралдарын (репеллент) қолдануға кеңес береміз.

Кене шаққан немесе кенемен жанасу болған жағдайларда міндетті түрде медициналық ұйымға қаралуыңыз және 14 күн медициналық бақылауда болуыңыз қажет.

Ерболат ӘДІЛБЕКОВ,
Түлкібас аудандық орталық
ауруханасының эпидемиолог дәрігері.

Ақбиік ауылдық округіндегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған ежелден мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі немесе олардың жиынтығы;
Жабағылы ауылдық округінде

төмендегі қызметтер көрсетілуде.

1. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру
2. Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру
3. Жер учаскесін алу үшін кезекке қою
4. Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату
5. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы
6. Сауда-саттықты (конкурстарды,

аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу.

«Жер учаскесін алу үшін кезекке қою» қызметі қазіргі таңда бірінғай электронды қызметке көшіп, әр азамат өз бетінше Е-gov.kz порталы арқылы кезекке автоматты түрде тұра алады. Әкімшілік ғимаратында Е-gov порталы жүйесімен қызмет алушыларға өзіне-өзі орны қызмет көрсетілуде.

А. МУСРАЛИЕВ,
Ақбиік ауылдық округі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Sastobe Tau ken» ЖШС Түркістан облысы Түлкібас ауданындағы Таш-Түбе құрылыс тасы (өктас) кен орнында құрылыс тасын (өктас) өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жоспарына және жою салдарының болжамды құнын есептеу әдістемесіне қатысты «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі материалдары бойынша қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіні туралы хабарлайды.

Нысанның географиялық координаттары: 42°31'58,14" с.е.; 69°57'38,00" ш.б.

Әсер ету аумағы – Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Састобе кенті ақимдігі. Координаттары: 42°33'19" с.е.; 69°59'58" ш.б.

2026 жылғы 11 наурыздан 27 наурызға дейін Қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстар туралы Ұлттық деректер банкінің <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында қоғамдық талқылаулар өткізіліп, ескертулер мен ұсыныстар қабылданады.

Әзірлеуші: «Ахтямов В. Р.» ЖК, мекенжайы: Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Жамбыл ауылы, Садовая көшесі, 347/2, ЖСН 640518301423, тел.: +77057462732, yaecologya@mail.ru, басшысы Ахтямов В. Р.

Бастамашы: «Sastobe Tau ken» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қарабау ауылдық округі, Сынтас ауылы, Е. Сарыпбеков көшесі, 61 ғимарат, БСН 090940014672, info.sastobetauken@mail.ru, директоры Ескеров А. К.

Қосымша ақпаратты келесі телефон және электрондық пошта арқылы алуға болады: +77057462732, yaecologya@mail.ru.

Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын <https://ndbecology.gov.kz/> Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-де қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО "Sastobe Tau ken" объявляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по материалам Раздела «Охрана окружающей среды» к «Плану ликвидации и методика расчета приблизительной стоимости ликвидации последствий операций по добыче строительного камня (известняк) на месторождении Таш-Тюбе в Тюлқубасском районе Туркестанской области». Географические координаты объекта – 42°31'58,14"С; 69°57'38,00"В.

Территория воздействия – Тюлқубасский район, Састобаская п.а. Координаты: 42°33'19"/С; 69°59'58"/В.

С 11 по 27 марта 2026 года на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz/> проводятся публичные обсуждения и принимаются замечания и предложения.

Разработчик: ИП «Ахтямов В. Р.», адрес: Костанайская обл. Костанайский район, с. Жамбыл, ул. Садовая, 347/2 ИИН 640518301423, тел. +77057462732, yaecologya@mail.ru, руководитель Ахтямов В. Р.

Инициатор: ТОО «Sastobe Tau ken» Республика Казахстан, Туркестанская область, Казығұртский район, Карабауский сельский округ, село Сынтас, улица Е.Сарыпбеков, здание 61 БИН 090940014672, info.sastobetauken@mail.ru Директор Ескеров А. К.

Дополнительная информация по тел. +77057462732, yaecologya@mail.ru.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/>, а также ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области».

БЖЗҚ: 2025 жылдың қорытындысы бойынша негізгі көрсеткіштер тұрақты өсім көрсетті

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының көлемі **25,97 трлн теңгеден** асты. 12 айдағы өсім 3,18 трлн теңгеге немесе 13,9%-ға өсті. 2026 жылдың 1 қаңтарында міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының көлемі **24,48 трлн теңге**. 12 айдағы өсімі – 11,9%. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары – **726,58 млрд теңге**, 12 айдағы өсім – 11,1%. Бір жыл ішіндегі ең үлкен өсім – 22,6% ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, олардың 2026 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша көлемі **9,73 млрд теңге**. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 2024 жылғы 1 қаңтардан түсе бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) 2026 жылдың 1 қаңтарына **760,15 млрд теңге** болды.

Түсімдер: Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. Бір жыл ішінде салымшылардың жеке және шартты зейнетақы шоттарына **3 251,67 млрд теңге** түсті, өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 16,6%-ға (немесе 462,28 млрд теңгеге) артық. МЗЖ есебі жүргізілетін жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) 2025 жылдың басынан бастап 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін **2 659,56 млрд теңге** (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 8,9%-ға ұлғайды), МКЗЖ – 133,37 млрд теңге (өсім – 17,4%), ЕЗЖ – 2,32 млрд теңге түсті. 12 айдағы ЖМЗЖ есебінен жарналар 456,42 млрд теңгені құрады.

Төлемдер мен аударымдар: 2025 жылы БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар **2 051,05 млрд теңгені** құрады. Бұл былтыр жасалған төлемдер көлемінен 54,9% немесе 727,20 млрд теңгеге көп. Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер жыл бойына 24,4% ұлғайып, 01.01.2026ж. **254,13 млрд теңгеге** жетті. БЖЗҚ-дан зейнет жасына толуына байланысты кесте бойынша берілетін орташа айлық төлем – 35 970 теңге.

2025 жылы тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) **1 254,57 млрд теңге**, мұрагерлік бойынша **58,15 млрд теңге**, ҚР-дан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге байланысты **43,75 млрд теңге**, мүгедектігі бар адамдарға – **3,10 млрд теңге**, жерлеуге – **10,46 млрд теңге** көлемінде төлем жасалды. Сақтандыру ұйымдарына **426,89 млрд теңге** аударылды.

ЖЗШ саны: 2026 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны – **18,24 млн** бірлік (12 айдағы өсім – 1,06 млн бірлік немесе 6,2%). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2026 жылдың 1 қаңтарына **12,72 млн** бірлік болды. Оның ішінде: 11,30 млн - МЗЖ бойынша, 764,1 мыңы - МКЗЖ бойынша, 466,3 мыңы – ЕЗЖ есептелетін шоттар.

Айта кетейік, МЗЖ есебі жүргізілетін шоттардың жалпы санына (11,30 млн бірлік) елден тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткен, бірақ жинақтарын алу үшін жүгінбеген алушылардың, мұрагерлері зейнетақы жинақтарын мұраға рәсімдемеген қайтыс болған салымшылардың, 2017 жылдан бастап зейнетақымен мемлекеттік қамсыздандырылуға толық ауыстырылған әскери қызметшілердің және шоттарына Қазақстан заңнамасына сәйкес жарналар түспеуі тиіс салымшылардың (алушылардың) басқа да санаттарының шоттары кіреді.

Сондай-ақ, халықаралық тәжірибеге сәйкес күнтізбелік жыл ішінде кемінде бір рет болса да жарна түскен ЖЗШ белсенді болып саналатынын айта кеткен жөн. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша МЗЖ түсетін белсенді ЖЗШ-ның нақты үлесі жарналар жүзеге асырылуы мүмкін және 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін ашылған шоттарды және 2025 жылы ашылған жаңа шоттарды қамтитын 10,11 млн ЖЗШ-ның жалпы санынан 71,29% (7,21 млн шот) құрады.

БЖЗҚ-дағы ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - **5,51 млн** бірлік.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат enpf.kz сайтындағы «Статистика және аналитика» бөлімінде орналастырылған.

Балжан НАРТБАЕВА,
«БЖЗҚ» АҚ Шымкент қ. Филиалының
Операциялық бөлімі,
Т. Рысқұлов ауылының
ҚҚО жетекшісі маманы.